

**«Күншалған ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ  
БІРТҮТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ: ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ  
ОНЫ ІСКЕ АСЫРУ ЖОСПАРЫ НЕГІЗІНДЕ  
Наурыз айында өткізілге іс-шаралар ақпараты.**

01.03.2024 «Алғыс айту» күніне орай сыныптар арасында тренинг өтті. Мектептегі барлық ұжым бір-біріне өз алғыстарын білдірді. Өзін-өзі басқару ұйымының оқушылары мектеп бойынша қызықты ойындар жүргізді.



Әр дүйсенбі сайын Әнұран орындау, оқушыларды патриоттық сезімге баулу мақсатында. Мемлекеттік рәміздерімізді құрметтеу мақсатында.



«Аяулы анашым» тақырыбында 1-4 сынып оқушылары өз аналарына арнап мерекелік концерт қойды және балабақшада да керемет концерт өтті.



«Ана-өмір шуағы» тақырыбында 2-сыныпта аналарына арналған мерекелік концерт өтті. Концертке оқушылардың аналары шақырылды.



«Анашым менің ардағым» таырыбында Аяулы аналарға арналған мерекелік мектепішілік үлкен концерт өтті. Концерт өте керемет жоғарғы деңгейде өтті. Аналар концерттен соң риза болып, өте жақсы көңіл күйде үйлеріне қайтты.



22-Наурыз мерекесіне дайындық, мұғалімдермен ақылдасып жоспар құру. Қазақтың үлкен мерекесі Наурызды бірлесе отырып тойлау туралы ақылдасу. Мұғалімдер ұйымшылдықпен құрылған жоспарға келісті.



«Көрісу» күні мен Наурыз мерекесіне орай «Амал күні» екеуі екі күн өтті. Бұл екеуі екі түрлі айтылғанымен бір мағнаны білдіреді. «Қыстан аман-есен шығып бір-бірімен құшақтасып көрісу, қонақтап келген кісіге дастархан жайып қонақ қылу. Ел аралап Жарапазан айту» - екенін түсіндіру, көрсету.



«Спорттық сайыс» күні. Қазақтың спорт түрлерімен таныстыру, ойнату жұмысын мектеп денешынықтыру мұғалімдері: Руслан Аманбаевич пен Саят Боранбаевич жүргізді. «Асық ату», «Бес асық», «Күрес», «Қол тірес», «Арқан тартыс» сияқты ойындар ойнатылды.



«Ұлттық киімді насихаттау» күні. Оқушыларға ұлттық киімімізді құрметтеуге және мақтан тұтып киіп жүруге үйрету мақсатында наурыз бойы мектепке ұстаздар, оқушылар және жұмыскерлер ұлттық киім киіп жүруді талап етті. Барлығы қуанышты әсермен киіп жүрді.



«Ұлттық тағам күні» Бұл күні әр сыныпта ұлттық тағам түрлерімен дастархан жайылды. Тағам түрлерімен таныстырылды. Өзін-өзі басқару ұйымы «Бір құрт- бір мақал» ойынын мектеп бойынша ойнатты, ойын өте қызықты болды. Барлық жүргізілген іс-шаралар инстограмға салынды.



Ерейментау ауданы бойынша 8-9-10 сынып оқушылары арасында «Қыз сыны» өтті. Біздің мектептен Арбабаева Гүлназ 9-сынып оқушысы қатысып ІІ-орынға ие болды. Мектепішілік «Қыз сыны» байқауы да болды, төрт қыз қатысты, өте жақсы болды. Қыздарға марапаттау мен сыйлықтар берілді.



Мектепте үлкен «Наурыз- Думан» атты мерекелік концерт өтті. Концертте керемет әндер шырқалып, салт-дәстүрлер көрсетілді. Наурыз мерекесіне орай мектептің іші-сырты түгел безендірілді. Наурыз көже таратылды. Әр сыныпқа бөлініп берілген салт-дәстүрлер өте жоғарғы деңгейде ата-ана-оқушы-ұстаз болып ұйымшылдықпен дайындалып мереке екені сезіліп өте жақсы өтті. Әр салт-дәстүр бірінен-бірі асып керемет болды.



Мектеп директоры: Сагинбаева Г.А.

Орындаған: ДТЖО Боканова А.С

